



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

ШОЛУ БАЯНДАМА

**ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫНДА  
OPEN API,  
OPEN BANKING ЖӘНЕ  
ЦИФРЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ  
СЕРВИСТЕР ЭКОЖҮЙЕСІНІҢ  
ДАМУЫ**

Нұр-Сұлтан, 2022 ж.

# Мазмұны

КІРІСПЕ	5
1. 1. OPEN API ЖӘНЕ OPEN BANKING ХАЛЫҚАРАЛЫҚ РЕТТЕУ ТӘСІЛДЕРІ	10
1.1 ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТАЛДАМАНЫҢ НЕГІЗГІ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ	14
2. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ OPEN API ЖӘНЕ OPEN BANKING ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗГІ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ	15
3. ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҚАРЖЫ НАРЫҒЫНДА OPEN API ЖӘНЕ OPEN BANKING ЕНГІЗУДІҢ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ	19
4. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА OPEN API ЖӘНЕ OPEN BANKING ЕНГІЗУДІҢ ЖАЛПЫ ҮЛГІСІ	21
4.1 OPEN API ЖӘНЕ OPEN BANKING ДАМУЫ МЕН РЕТТЕУІНІҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАРЫ	24
5. ЦИФРЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ ДАМУДЫҢ МАҚСАТТЫ ҮЛГІСІ	26
6. ҚАЗАҚСТАНДА OPEN API, OPEN BANKING ЖӘНЕ ЦИФРЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ ДАМУ БОЙЫНША ҰСЫНЫЛАТЫН ШАРАЛАР МЕН БАСТАМАЛАР	29
7. ҚОЛДАНЫЛАТЫН ТЕРМИНДЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАРДЫҢ ТІЗІМІ	31



# Қысқаша түйіндеме

**Бүкіл әлем бойынша экономикаларды белсенді цифрландыру цифрлық, технологиялық шешімдерді енгізу және дамытумен, қаржы нарығына қатысушылар санының ұлғаюымен, сондай-ақ азаматтар мен бизнес үшін цифрлық қаржылық қызметтер мен сервистердің қолжетімділігі мен сапасын арттыруға ықпал ететін баламалы бизнес-модельдердің пайда болуымен байланысты.**

Клиенттердің жаңа буыны институттармен және нарықпен өзара әрекеттесудің дәстүрлі тәсілдерінен алшақтап барады, олар көп жағдайда қаржылық және қаржылық емес қызметтерді алу үшін мобильді қосымшалар мен сервистерді пайдалануда. Бұл кросс-салалық қаржылық және қаржылық емес сервистерді шоғырландыру, белсенді түрде деректер және ақпарат алмасу мақсатында цифрлық инновациялар саласында платформалық шешімдер енгізу секілді елеулі трендті дүниеге алып келеді.

Қаржылық технология-индустриясы қарқынды дамып келеді. Үшінші тараптағы қызмет жеткізушілер ретінде қатыса отырып, жаңа қаржылық технологиялық-компаниялар, стартап-жобалар қаржы саласында инновациялар жасайды, толассыз технологиялар мен бейімделу жылдамдығы есебінен оларды пайдалану ыңғайлылығы мен тартымдылығын арттырады.

Қаржылық технологиялық-компаниялардың қаржылық қызметтер кеңістігіне шығуы Қытай, ЕО және АҚШ сияқты цифрлық нарықтар жоғары дамыған жерлерде аса аңғарылады. Алайда, Google, Meta, Amazon, Alibaba, Tencent сияқты жетекші технологиялық компаниялар да өз назарларын дамушы елдерге қарай аударуда.

Бүкіл қаржы саласының мұндай дамуы нарықтағы бәсекелестіктің жалпы деңгейін арттырады, дәстүрлі қаржы институттарын ашық, технологиялық және бірдей қолжетімді интеграциялар мен серіктестіктерге баса назар аударып, даму тәсілдерін қайта қарауға мәжбүрлейді.

Осылайша, реттеуді үйлестіру, жаңа ойыншыларды қосу және тұтынушылардың құқықтарын қорғауды күшейту талаптарын ескерілген қаржы нарығын дамытудың жаңа кезеңі қалыптасуда.

Осыған байланысты, технологиялардың қарқынды даму жылдамдығын, қаржы нарығындағы бәсекелестікті және ағымдағы тұтынушылық сұраныстарды ескере отырып, қаржы, төлем ұйымдары мен үшінші тараптағы қызмет жеткізушілер арасындағы ашық қауіпсіз өзара іс-қимыл, кросс-салалық деректермен алмасу және қауіпсіз цифрлық қаржы сервистерін дамыту инновациялық цифрлық жобалар мен ұсыныстарды қамтитын тұрақты цифрлық қаржылық экожүйе құруға мүмкіндік береді, және сол арқылы қаржы өнімдері мен қызметтерінің қолжетімділігі және функционалдылығын арттыруға ықпал етеді.

Осындай мақсаттарға қол жеткізу үшін ҚРҰБ қаржылық тұрақтылықты нығайтуға және салауатты бәсекелестікті дамытуға бағытталған бірқатар жүйелі маңызды инфрақұрылымдық шешімдерді іске асырады, оның ішінде Ұлттық төлем жүйесін, цифрлық биометриялық сәйкестендіруді, бағдарламалаудың ашық интерфейстері (Open API) негізінде қауіпсіз деректер алмасу және банктердің KYC (ағылш. – Know Your Customer) процедураларын атқаруы.



Осы бастамаларды енгізу бірыңғай төлем кеңістігін қалыптастыруға, өз қаражатына кедергісіз қол жеткізуге және тұтынушылар үшін дербес деректерді басқаруға мүмкіндік береді. "Тең қолжетімділік" архитектуралық қағидаты нарықтың барлық қатысушылары үшін қаржылық қызметтерді цифрлық форматта көрсету мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Ұсынылған тәсілдер бәсекелестік пен инновацияны одан әрі дамытуға, сондай-ақ қаржылық және төлем қызметтерінің қолжетімділігін, сенімділігін, қауіпсіздігін кеңейтуге ынталандырады. Нысаналы модельге қол жеткізу қаржы нарығы инфрақұрылымының "цифрлық егемендігін" қамтамасыз етеді.

Open API технологиясының, Open Banking тұжырымдамасының, Цифрлық биометриялық сәйкестендіру ұлттық платформасының және Ұлттық төлем жүйесінің көмегімен қаржы секторын дамытудың қазіргі заманғы моделін сипаттау және талдау мақсатында шолу

баяндамасы әзірленді, онда цифрлық қаржы инфрақұрылымының нысаналы моделін Ұлттық төлем жүйесінің көмегімен қаржы секторын дамытудың қазіргі заманғы моделін сипаттау және талдау мақсатында шолу баяндамасы әзірленді, онда цифрлық қаржы инфрақұрылымының нысаналы моделін дамыту, дербес және қаржылық деректерге қолжетімділікті қамтамасыз ету, сондай-ақ қаржылық, төлем ұйымдары мен үшінші тараптағы жеткізушілер үшін бір-бірімен ынтымақтастық есебінен жаңа цифрлық қаржы сервистері мен платформаларын әзірлеу бойынша қызметтерді жүргізу мүмкіндігін кеңейту.

Сондай-ақ, Open API және Open Banking енгізудің жалпы моделін негіздей отырып, нарық қатысушылары, реттеуші және соңғы тұтынушы үшін Open API және Open Banking енгізудің артықшылықтары сипатталған.

Қорытындылай келе, Open API және Open Banking дамыту бойынша жалпы шаралар мен бастамалар келтірілген.




# Кіріспе

Цифрлық трансформация кезеңінде қаржы нарығын дамыту инновациялар енгізу, жаңа қатысушыларды тарту үшін негіз болады, сондай-ақ осындай процестердің ашықтығын, қауіпсіздігін айқындау және оларды қолдау мақсатында реттеушілік нормалар мен талаптарды әзірлеуге ықпал етеді.

Осылайша, қаржы ұйымдарын цифрлық дамытудың заманауи траекторияларының бірі Open Banking тұжырымдамасы (бұдан әрі - Ашық банк ісі) болып табылады, ол жаңа тұтынушылық тиімділікке қол жеткізу үшін клиенттерге қаржы ұйымдары мен авторландырылған үшінші тұлғалар (бұдан әрі – үшінші тараптағы қызмет жеткізушілер) арасында өз деректерін қауіпсіз және тиімді таратуға мүмкіндік беретін технологиялық және реттеушілік шарттар ұсынады.

Басқаша айтқанда, Ашық банк ісі клиенттің қаржылық деректерін оның келісімімен қаржы технология компаниялары мен басқа да мүдделі ұйымдардың қаржылық қызметтердің қолжетімділігін кеңейту және жаңа, жекелендірілген қызметтер мен өнімдерді жасау үшін пайдалануға бағытталған.

## Дәстүрлі банкинг және Ашық банкинг




Ұлыбританияның Open Banking саласындағы соңғы жаңалықтардың бірі Variable recurring payment немесе үлкен ауыспалы қайталанатын төлем деп аталады, ол қомақты жинақтау, инвестициялау және несиені өтеу үшін бір адамның шоттары арасындағы қаражат қозғалысын автоматтандырады. Бұл жаңалық заңды тұлғаларға қызметкерлерге және жеткізушілерге немесе мемлекеттік қызметтерге (салықтар сияқты) ақы төлеуді жеңілдетеді, сома өзгеріп отыруы мүмкін барлық қажетті төлемдерді бір реттік немесе қайталанатын төлемдерге (мысалы, коммуналдық қызметтер) қосу арқылы төлем жүргізуді жеңілдетеді және онлайн әмияндарымен (мысалы, шоттарды бөлу үшін) интеграциялануының қамтамасыз етеді.



**Банктердің, басқа қаржы институттарының және қаржы технология компанияларының ақпараттық жүйелері арасында клиент деректерімен алмасудың өзі 1968 жылдан бері белгілі API технологиясы (ағылшынша – *Application Programming Interfaces* – қосымшаларды бағдарламалау интерфейстері) арқылы жүзеге асырылады.**

API технологиясы – кез келген әзірлеуші ұйымның бағдарламалау интерфейстеріне қосыла алатын және оған қолжетімді деректермен әрекеттесе отырып, жаңа өнімді немесе жеке қызметті құра алатын функциялар мен құралдар жиынтығы. Сондықтан API интерфейстері өзара әрекеттестіктің бағасы мен тиімділігін арттыру үшін деректер, өнім және қызмет арасындағы «көпір» болып саналады.

API технологиясының мүмкіндігін сайтта немесе қосымшада төлем жүйесінің API көмегімен төлем жасау мүмкіндігі арқылы кез келген онлайн-сатып алуды жүргізу мысалында сипаттауға болады. Бұл басқа сайтқа тіркелу үшін Facebook немесе Google логинін пайдалануда да қолданылады. Бұл жағдайда тіркеу процесі жаңа тіркеуді бұрыңнан бар логинмен алмастыратын Facebook немесе Google API арқылы жүзеге асырылады. Дәл осылай қонақүйді немесе кез келген басқа орынды іздеу үшін Booking немесе TripAdvisor қосымшасы Google картаның API қызметіне жүгінеді.



Банктердің Open API технологиясын пайдалануы, яғни клиенттердің қаржылық және дербес деректерімен алмасу үшін олардың үшінші тарап қызмет жеткізушілерімен келісімі бойынша ашық және қолжетімді функциялар жиынтығы Open Banking тұжырымдамасының негізін құрайды.

Осылайша, Ашық банк ісі клиенттерге өз деректерін өздері басқаруға және дербес инновациялық қызметтер мен өнімдерге ие болу мақсатында шотты ең технологиялық және озық авторизацияланған қаржы технология-компанияларға басқару мүмкіндігін беруді мақсат етеді.

### Open Banking- ті қолдану сценарийлері, мысалдар, мүмкіндіктер





API технологиясын реттеу бойынша түрлі елдердің қаржы реттеушілерінің белсенді іс-әрекеттері Open API қолданудың негізінде Ашық банк ісін дамытудың алғышартын құрды.

Әлеуетті тәуекелдер мен шектеулердің ауқымдылығын, қоғамның және нарықтың дайындығын ескере отырып, кейбір реттеушілер Ашық банк ісін дамыту мәселесіне реттеуші және инфрақұрылымдық мәселелер бойынша мүдделі тараптарға ұсынымдар беруден басталатын кезеңдік үлгі негізінде тұрғысында қарауда. Мұндай елдерге Сингапур, Жапония, Ресей жатады. Сондай-ақ, Еуропалық Одақ елдері, Ұлыбритания, Австралия қаржы нарығының қатысушыларын қаржы секторын дамытудың қазіргі жағдайларына байланысты жоғары қажеттілікті ескеріп, нарықтағы бәсекелестікті арттыру және тұтынушылардың құқықтарын қорғау мақсатында өздерінің API-ін ашуға міндеттеді.


*Бүгінгі күні Ашық банк ісін дамытудың негізгі мәселесі қаржы-технология индустриясының кемелдігі мен амбициясынан, инновацияларды дамыту бойынша мемлекеттік бастамалардың болуынан және цифрлық қызметтерге қоғамдық сенім дәрежесінен басқа, үйлестірілген реттеуші талаптары бар тұрақты цифрлық инфрақұрылым болып табылады.*

Қаржы институттары мен үшінші тараптағы қызмет жеткізушілер арасында клиенттің келісімін алу міндеттемесімен деректер алмасудың қауіпсіз және технологиялық ортасын құру Open Banking тұжырымдамасының, тіпті Ұлыбритания мен Еуропалық Одақ елдері іспетті ең озық және өте мұқият юрисдикциялар үшін де орталық және сонымен бір мезгілде барынша көп еңбектенуді қажет ететін мәселе болып отыр.

Ашық банк ісінің инфрақұрылымдық және реттеуші шарттарын дамыту қажеттілігін атап өте отырып, олардың негізгі элементтерін үш санатқа бөлуге болады: стандарттау, үшінші тараптағы қызмет жеткізушілерді басқару және қосалқы қызметтер.



**Үшінші тараптағы  
қызмет  
жеткізушілерді  
басқару**



**Стандарттау**

**Қосалқы қызметтер**

## Стандарттау

Бірыңғай стандарттар мен басқару қағидаларын әзірлеу цифрлық дамудың тең жағдайларын қамтамасыз ету арқылы кіру кедергілерін азайтуға көмектеседі:

- API және деректер стандарттары: бірыңғай API дизайны және деректер стандарттарын айқындау, соның ішінде үшінші тарап қызмет жеткізушілерін тексеру, келісімді басқару және деректер сипаттамалары.
- Қауіпсіздік стандарттары: клиенттерді аутентификациялау және авторизациялау стандарттары, сондай-ақ ақпараттық қауіпсіздікті басқару.
- Операциялық ұсынымдар: клиенттермен жұмыс істеу бойынша ұсынымдар және басқа да озық жұмыс әдістері.

Open API стандарттау-бұл Open API-ді кейіннен енгізу үшін бірыңғай жүйелік, инфрақұрылымдық талаптарды құру процесі, ал Open API стандарты-бұл Open API көмегімен қаржы нарығының қатысушылары мен үшінші тарап қызмет жеткізушілері арасындағы деректермен алмасу процестерін реттейтін, сондай-ақ оларды сипаттау, әзірлеу және енгізу тәртібін анықтайтын техникалық үйлесімділік, ақпараттық қауіпсіздік, интеграциялық өзара іс-қимыл және қолдану мақсатындағы құжаттар жиынтығы.



## Үшінші тарап қызмет жеткізушілерін басқару

Open API, Open Banking мақсатты үлгісі үшінші тарап қызмет жеткізушілерімен өзара әрекеттесуді басқару жүйесін қамтиды, соның ішінде:

- Бастапқы бейімделу (ағылш. - onboarding): үшінші тараптағы қызмет жеткізушілері үшін стандартталған тіркеу немесе лицензиялау процесі және Ашық банк қызметі формалді стандарттарына қол жеткізу
- Үшінші тараптағы қызмет жеткізушілерін сәйкестендіру: үшінші тараптағы қызмет жеткізушілерін қауіпсіз сәйкестендіруге арналған электрондық сертификаттар.

Бұл құрылым қаржы институттарына үшінші тараптағы қызмет жеткізушілерінің сәйкестендірілуіне және қауіпсіздігіне кепілдік беретін сенімді қызметті дамыту арқылы тәуекелдерді азайтуға көмектеседі. Бұл сонымен қатар бүкіл экожүйеде тексерілмеген үшінші тараптағы қызмет жеткізушілерінің жүйелік тәуекелін төмендетеді.

## Қосалқы қызметтер

Инфрақұрылымға қосымша қызметтерді біріктіру Open API экожүйесіне кіруге кедергілерді одан әрі төмендетуі мүмкін:

- Цифрлық сәйкестендіру және келісімдерді басқару: цифрлық сәйкестендіру қызметі және қызметтерді үшінші тараптағы жеткізушілерге деректерді беруге келісімдерді тіркеуді, сондай-ақ оларды кері қайтаруды қоса алғанда, келісімдерді басқару сервистері;
- Дауларды басқару: қатысушылардың атынан клиенттердің дауларын басқару үшін бірыңғай инциденттер туралы есеп беру және дауларды басқару қызметтері.
- Деректерді/ақпаратты көрсету: негізгі тиімділік көрсеткіштері бойынша есептер мен талдаулар және қатысушылар үшін API

01

OPEN API **ЖӘНЕ** OPEN  
BANKING

**ХАЛЫҚАРАЛЫҚ  
РЕТТЕУ ТӘСІЛДЕРІ**



# OPEN API ЖӘНЕ OPEN BANKING ХАЛЫҚАРАЛЫҚ РЕТТЕУ ТӘСІЛДЕРІ

Open API және Open Banking дамуын ынталандыратын Қаржы реттегіштерінің негізгі мақсаттары болып табылады:



**ДАМУ  
БӘСЕКЕЛЕСТІК**



**ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ  
ТҰТЫНУШЫЛАР**



**ДАМУ  
ИННОВАЦИЯЛАР**

API технологиясы бүкіл әлем бойынша қаржы секторында сәтті қабылданып, жүзеге асырылуда. Халықаралық тәжірибе реттеушінің бақылаушы рөлін атқаратын Open Banking тұжырымдамасының дамуының айтарлықтай қарқын алғанын көрсетеді. Жан-жақты қолдау мен қадағалаудың негізгі себептері мыналар болып табылады: банктік және нарықтық орталықтандырылған экожүйелердің жеделдетілген экономикалық өсуі, сондай-ақ қаржы технологиялық-компаниялар мен жаңа стартап-жобалардың қатысуымен инновациялық әлеуетті дамыту.

Елдер арасында Open Banking жүйесін енгізу және дамыту тәсілдері әртүрлі, үшінші тараптағы қызмет жеткізушілерді қатыстыру регламенттері, лицензиялау жүйелері де ерекшеленеді, бірыңғай талаптар мен рәсімдер жоқ екенін атап өту керек.


Реттеуші ортаны құрудағы түрлі тәжірибелерден, инфрақұрылымдық шешімдерден, қаржылық қызметтер мен өнімдерге басымдық беруден басқа, елдер арасындағы негізгі айырмашылық, әдетте, реттеуші мен нарық арасындағы Ашық банк ісін дамыту бастамашысын анықтау болып табылады.

Мәселен, Жапония, Үндістан, Сингапур және Оңтүстік Кореяны қоса алғанда, бірқатар елдерде қазіргі уақытта ашық банктік қызмет көрсетудің міндетті талаптары жоқ, бірақ сонымен бірге реттеушілер банк саласында деректермен алмасу тетіктерін енгізуді көтермелеу және ынталандыру үшін шаралар енгізуде.

Еуропалық Одақ елдері, Ұлыбритания, Австралия қадағалау, бақылау органдары тарапынан реттеуді енгізудің мысалы бола алады. Реттеуші органдар қауіпсіздік деңгейін, технологиялық деңгейін арттыру және тұтынушылардың құқықтарын қорғау мақсатында техникалық стандарттар мен өзара іс-қимыл қағидаларын әзірледі. Мәселен, Еуропалық Одақ аумағындағы банк және төлем қызметтерін орталықтандыру және дамыту жөніндегі басты негіздеме PSD (ағылш. - Payment Services Directive) және PSD 2 директивалары болды. Бұл реттеуші құжаттар ЕО-дағы шарттар мен талаптар жиынтығын білдіреді, олардың мақсаты тұтынушылар үшін төлемдерді оңтайландыру және жеделдету болып табылады.



Оңтайлы және өзара тиімді реттеу шарттарын әзірлеу үшін көптеген банктер реттеушілермен бірге шоттарға қол жеткізуді, төлемдерді бастауды, басқа операцияларды жүзеге асыру және осы өзара әрекетті тарифтеу тәсілдерін талқылауға қатысады.



● "Реттеуші"  
(Қатаң реттеу)

● "Нарық"  
(Нарықты реттеу)

● "Бастаушы"  
(Алғашқы бастамалар)

## ТӘСІЛ

## МЕМЛЕКЕТ

## ҚЫСҚАША СИПАТТАМА

Реттеуші  
бастамалары  
мен шаралар

**Ұлыбритания**

"The Open Banking Standard" стандарты 2016 жылдың ақпан айында шығарылды. 2018 жылдың қаңтар айынан бастап 9 ірі банк үшін Open API қолдану міндетті болды.

**Еуропалық одақ**

PSD 2 техникалық стандарты тараптардың өзара әрекеттесу үлгілерін және оған қойылатын талаптарды сипаттай отырып жасалды. 2015 жылы ЕО - да қабылданды. Қаржы нарығына қатысушылардың қолдану міндеттілігі 2018 жылғы қаңтардан бастап жүзеге асырылып келеді.

**Австралия**

2019 жылдың тамыз айының басында Австралия тұтынушылардың құқықтары туралы директиваны (Consumer Data Right) қабылдады, ол клиенттерге өз деректерін бақылауға және деректерді үшінші тұлғалармен бөлісуге мүмкіндік береді.

**Мексика**

Мексикадағы Ашық банк ісі, PS2 және Ұлыбританияның Open Banking-ке қарағанда қолданылатын API саны жағынан кеңірек қамтуды көздейді, сонымен қатар барлық қаржы институттары заңға бағынады.



<b>ПОДХОД</b>	<b>СТРАНА</b>	<b>КРАТКОЕ ОПИСАНИЕ</b>
Нарықтық бастамалар мен өзара ықпалдасу	<b>Америка Құрама Штаттары</b>	Автоматтандырылған клирингтік орталықтардың ұлттық қауымдастығы (NACHA) шот туралы ақпарат алмасу, төлемдерді бастау, алаяқтықтың алдын алу және т.б. үшін API стандартын анықтау мақсатында 100-ден астам банктер, қауымдастықтар мен консалтингтік фирмалардың қатысуымен API салалық жұмыс тобын құрды.
	<b>Жапония</b>	Реттеу нақты API стандарттарын немесе лицензиялауға арналған инфрақұрылым мен процестерді қамтымайды. 2020 жылға қарай Жапонияның ірі банктері төлем шоттарына қол жетімділікті қамтамасыз ететін және үшінші тұлғалардың төлемдерін бастауға мүмкіндік беретін API шығаруы керек.
	<b>Сингапур</b>	Сингапурда ашық интерфейстерді енгізудің өзі міндетті болып табылмайды, алайда MAS түрлі реттеушілік және инфрақұрылымдық бастамалары бар (ағылш. - Monetary Authority of Singapore-Сингапурдың валюталық басқаруы), ол инновацияларды қолдау және бәсекелестікті дамыту мақсатында стандарттар мен техникалық ұсынымдарды енгізуге бағытталған.
	<b>Үндістан</b>	Соңғы он жыл ішінде Үндістан өзінің цифрлық инфрақұрылымын "IndiaStack" деп аталатын API платформасын құру арқылы кең көлемде оңтайландырды. Ашық API экожүйесін дамытудың негізгі мақсаттары қаржы институттарының өзара іс-қимылын оңтайландыру, мемлекеттік қызметтер мен жеңілдіктерді жақсарту және Үндістанның қаржы нарығындағы бәсекелестікті арттыру арқылы қаржылық қызметтерге қол жетімділікті кеңейтуге ықпал ету болып табылады. Алайда, қазіргі уақытта Үндістанда банктерді клиенттік деректерін үшінші тарап жеткізушілерімен бөлісуге міндеттейтін нормативтік талаптар жоқ.
	<b>Гонконг</b>	Гонконг монетарлық басқармасы (ағылш. - Hong Kong Monetary Authority, ACMA) экономикалық даму жүйесіндегі қаржылық технологиялардың рөлі мен маңыздылығына өзінің прогрессивті көзқарасымен танымал. Біріншіден, реттеуші Ашық банк ісін қаржылық қызметтерді таңдауды кеңейту, инновацияларды ынталандыру және жергілікті нарықты дамыту (жаһандық ойыншылардың экспансиясынан қорғау) тәсілі ретінде қарастырады. 2018 жылдың басында НКМА-ның "Smart Banking" жеті бастамасының аясында тәуекелдерді бағалау қағидатына негізделген енгізу үшін төрт кезеңдік тәсілден тұратын Open API платформасы іске қосылды. Осылайша, банктер ашық API арқылы өнім туралы ақпаратты (1 кезең), тұтынушы туралы ақпаратты (2 кезең), шот туралы ақпаратты (3 кезең) және төлемдерді бастау қызметтерін (4 кезең) ұсынады.



Алғашқы  
бірлескен  
бастамалар

### Канада

2021 жылғы 4 тамызда Ашық банк ісі жөніндегі Консультативтік комитеттің қорытынды есебі жарияланды. Онда канадалық қаржылық қызмет көрсету секторын жаңғырту және қауіпсіз ашық банк жүйесін енгізу туралы ұсыныстар бар.

### Жаңа Зеландия

Австралия сияқты, Жаңа Зеландия да Ашық банк ісінің негізі ретінде тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы заңнаманы таңдады және банктік, телекоммуникация, коммуналдық қызметтерді жеткізушілер мен үкіметті қоса алғанда, салалық көзқарасты ұстанады.

### Оңтүстік Африка

Оңтүстік Африка әлі күнге дейін ашық банктік қызмет көрсетудің жан-жақты жүйесін әзірлеуі керек екенін ескере отырып, кейбір елдер цифрлық трансформация және Ашық банк ісі үшін жол карталарын жасап шығарды.

## Халықаралық талдаманың негізгі қорытындылары:

Ұсынылған Open API және Open Banking дамыту мен реттеудің халықаралық тәжірибесі қазірдің өзінде қаржы нарығының қатысушылары үшін де, түпкі тұтынушы үшін де тиімділігін көрсетіп отыр.

Ұлыбританияда 6 миллионнан астам тұтынушылар мен бизнес-клиенттер Open Banking мүмкіндіктерін пайдаланады, тек 2022 жылдың мамыр айында Open API көмегімен 5 миллион төлем жасалды.

Қазіргі уақытта ЕО-да 260-тан астам API пайдаланушылары тіркелген, сондай-ақ, 183 миллионнан астам API сұраулары тіркелген.

Open API енгізудің жоғары деңгейі Австралияда да байқалады: 10 млн API сұранысы бар 40-тан астам API пайдаланушысы және 8 банк (API жеткізушілері).

Гонконгта енгізудің ұсынымдық тәсілімен Open API және Open Banking дамуының жоғары қарқыны тіркелді, олар авторландырылған 900 қатысушы және жылына 41 мың API сұранысы бар 20-дан астам банк.

Ашық банкинг және ашық бағдарламалау интерфейсі технологиясы саласындағы халықаралық бастамалардың кең географиясы оның бәсекелестіктің кеңеюіне, халықтың қаржылық қызметтерге қолжетімділігіне, қаржылық тұрақтылықты нығайтуға және цифрлық қаржылық қызметтер мен платформаларды дамытуға әсерін айқын көрсетеді.

Қаржы нарығының ерекшеліктері мен өзгешеліктеріне байланысты қалыптастырылып, ұсынылған халықаралық тәжірибені ескере отырып, қаржы нарығына қатысушылардың өздерін, сарапшылар қоғамдастығының өкілдерін, сондай-ақ қаржы технология, телеком және өзге де индустрияларды реттеушілік және инфрақұрылымдық мәселелерді ашық талқылауға тарта отырып, Қазақстан Республикасында Open API және Open Banking жобасын дамытудың бірегей және тәуелсіз нысаналы моделін әзірлеу мүмкіндігін атап өту маңызды.

Қазақстандық банктер мен басқа да қаржы және төлем ұйымдары үшін Open Banking инновациялар мен ынтымақтастық шығындарын азайту арқылы да, клиенттерді тарту үшін жаңа цифрлық арналар арқылы да финтех нарығымен қауіпсіз, стандартталған серіктестікке олардың күш-жігері мен стратегияларын қайта шоғырландыруға мүмкіндік береді.

Осыған байланысты, осы мүмкіндіктерді және сипатталған үздік халықаралық реттеушілік практиканы ескере отырып, сондай-ақ жеке басын сәйкестендіру және растау тетіктері, дербес деректерді беруге азаматтардың келісімдерін беру жүйесі, Қазақстанның қаржы секторының ағымдағы цифрлық трансформациясы жағдайында құжаттарға және өзге де құралдарға цифрлық қол қою мүмкіндіктері түріндегі цифрлық инфрақұрылымның дәйекті дамуын ескере отырып, жергілікті, бейімделген тәсілді құру орынды болады арасында Open API көмегімен деректер алмасу технологияларын дамыту бойынша, ұлттық төлем жүйесі сервистерінің және «ҚРҰБ ҚБЕАО» РМК жанындағы сәйкестендіру деректерімен алмасу орталығының әлеуетін іске қоса отырып, төлем ұйымдары және Қазақстан Республикасында Open Banking қызметтерін бөгде жеткізушілер және дамыту.

Осылайша, Қазақстандағы Open API және Open Banking-ті дамыту мен реттеудің неғұрлым тиісті тәсілі оның реттеушілік және инфрақұрылымдық жағдайларында көрсетілген бақылау-ынталандыру тәсілі болып табылады.

Бақылау-ынталандыру тәсілінің өзі Open API көмегімен деректермен қауіпсіз және тиімді алмасу үшін қажетті технологиялық, операциялық және реттеуші процестердің барлық кешенін қамтамасыз етуді көздейді.

Қаржы нарығы мен жалпы финтех-индустрияның мүдделерін ескеретін инновациялар мен теңгерімді реттеудің үйлесімді даму шарттарын сақтаудың маңыздылығын атап өте отырып, бақылау-ынталандыру тәсілін іске асыру оның стандартталған өзара іс-қимылымен, тізілімдерімен және сәйкестендірудің және келісім алудың цифрлық сервистерімен Open API функционалдық платформасын әзірлеуді көздейді.

Жалпы, Open API және Open Banking дамытудың бақылау-ынталандыру тәсілін іске асыру дербес деректерді пайдалануды бақылауды күшейте отырып, елдің бүкіл банк секторының инновациялық, технологиялық дамуын қамтамасыз етуге, ал қаржы ұйымдары мен үшінші тарап жеткізушілеріне өзара қолжетімді және ашық ынтымақтастық есебінен қаржы қызметтері мен өнімдерінің тізбесін кеңейтуге мүмкіндік береді.

022

**ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ**

**OPEN API ЖӘНЕ OPEN BANKING**

**ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗГІ**

**МАҚСАТТАРЫ МЕН**

**МІНДЕТТЕРІ**



# ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ OPEN API ЖӘНЕ OPEN BANKING ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗГІ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Қазақстанда цифрлық қаржылық сервистер мен платформалардың экожүйесі негізінен екінші деңгейдегі банктер (бұдан әрі - ЕДБ) базасында дамуда.

Қазірдің өзінде бірқатар ірі, технологиялық дамыған банктер электронды коммерция сауда алаңдарын, маркетплейстер құруда, мемлекеттік қызметтерге өтініш беруді және жеткізу қызметтерін, тапсырыстарды, онлайн сатып алулар үшін жаңа арналарды біріктіреді, ал қосымшалардың көмегімен сапарға, шетелге саяхаттауға ақы төлеу жүйелері және тағы басқалар оңтайландырылады.

Мұндай банктік интеграциялық шешімдер экожүйенің дамуын білдіретін ақпараттық-технологиялық инфрақұрылымда бірыңғай интерфейсі бар өзара әрекеттесетін қызметтердің тұтас кешенін жасайды. Осы мақсаттар үшін банктер қолданбалы бағдарламалау интерфейстерін де пайдаланады. Қазақстанда Open API технологиясын, Open Banking тұжырымдамасын дамыту бойынша бастамалар мен іс-шаралар және цифрлық трансформацияның өзге де жобалары нарыққа қатысушылармен қатар, реттеушілермен де іске асырылып жатқанын атап өту маңызды.

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі 2022 жылдың II тоқсанында екінші деңгейлі 22 банк арасында жүргізген сауалнама Open API технологиясын қолдануда келесі көрсеткіштерді көрсетті: 8 банк оларды қазірдің өзінде осы технологияны пайдаланып отырғанын атады, 5 банк технологияны пилоттық түрде жүргізуде немесе оған дайындалуда, қалған 9 банк Open API технологиясын болашақта пайдалануға болады деп есептейді. Open API-нің қолжетімсіздігінің, шектеулі немесе сынақтан өтуінің себептеріне банктер заңнамалық шектеулерді, ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерін, тиісті инфрақұрылымның жоқтығын жатқызады.

Реттеуші тарапынан қаржы ұйымдары арасында Open API технологиясын дамытудың ынталандыру шараларына ашық платформалар стандарттарын жасау жөніндегі тұжырымдаманы әзірлеуді, неғұрлым кең таралған бизнес – процестер бойынша бағдарламалық қамтамасыз етуге қойылатын талаптардың ұсынымдық ерекшелігін (бұдан әрі-БЖКТС) жатқызуға болады.

Сондай-ақ, цифрлық қаржылық инфрақұрылымды дамытудың технологиялық негізі ретінде мемлекеттік және қаржылық қызметтер көрсету саласында ыңғайлы және қауіпсіз шешімдерді қамтамасыз етуге бағытталған әртүрлі мемлекеттік ақпараттық жүйелер мен сервистер бола алады.

Мәселен, бүгінгі таңда мемлекеттік және жеке ұйымдардың мемлекеттік ақпараттық ресурстарда қамтылған дербес деректерге қол жеткізуі үшін Қазақстан Республикасы цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Ақпараттық қауіпсіздік комитеті әзірлеген дербес деректерге қол жеткізуді бақылау сервисін пайдалануға болады. Қаржы нарығы үшін клиентті тиімді және қауіпсіз бастапқы тіркеуді іске асыру және цифрлық форматта қызметтер көрсету мақсатында "ҚРҰБ ҚБЕАО" РМК жанынан сәйкестендіру деректерімен алмасу орталығын қашықтықтан биометриялық сәйкестендіру сервисі құрылды.

Бұдан басқа, "ҚРҰБ ҚБЕАО" РМК электрондық цифрлық қолтаңбаның ашық кілтінің электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілтіне сәйкестігін куәландыру, сондай-ақ тіркеу куәліктерінің (сертификаттарының) дұрыстығын растау бойынша қызметті жүзеге асыратын куәландырушы орталықты пайдалану қызметтерін ұсынады.



Реттеуші тарапынан Open API дамытуды одан әрі қолдау шаралары ретінде банктер клиенттерді сәйкестендіру және шарттарға қол қою рәсімдерін оңайлатуды, СТПО міндетті түрде орындалуын енгізуді, Open Banking енгізу үшін бірыңғай технологиялық инфрақұрылымды және тесттік ортаны (API Sandbox) құруды, сондай-ақ ақпараттық қауіпсіздік бойынша талаптарды дамытуды жалғастыруды ұсынады.

Алайда, цифрлық және инновациялық жетістіктердің алуан түрлілігіне, Open API дамытудың іске асырылған және пилоттық жобаларына, кеңселерде қызмет көрсетудің дәстүрлі түрін біртіндеп онлайн-ортаға ауыстыруға, сондай-ақ реттеушілердің қабылдаған бастамаларына қарамастан, Қазақстанның қаржы нарығының жалпы цифрлық трансформациясы әзірше өтпелі жағдайда.

Осыған байланысты API стандарттау процесі бағдарламалау интерфейстерін енгізуге және Open API жалпы инфрақұрылымын дамытуға бірыңғай тәсіл жасауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ бұл бағдарламалық өнімдерді енгізуді жеңілдетеді, оларды қолдаудың жалпы құнын төмендетеді, сондай-ақ олардың тиімділігін арттырады. Стандарттау API-ді банк және қаржы жүйесіндегі қолданыстағы және жаңа шешімдерге біріктіруді тездетеді, бағдарламалық өнімдердің тұрақтылығы мен үйлесімділігін қамтамасыз етеді.

Осылайша, Қазақстан Республикасында Open API және Open Banking дамытудың негізгі мақсаты бәсекелестік пен қауіпсіздікке, сондай-ақ тұтынушылық пайданы жақсартуға ықпал ететін теңгерімді инновациялық ортаны құру болып табылады.

### Қойылған мақсатқа жету үшін келесі 2 негізгі міндет әзірленді:



01

**Қаржы нарығындағы қатысушылар арасында бәсекелестікті дамыту және қолдау**

- Жалпы инновацияларды біріктіруге және дамытуға қаржы ұйымдарының шығындарын азайту;
- Клиент деректеріне және үшінші тарап қызметтеріне қол жеткізудің тең және ашық механизмін қамтамасыз ету;
- Цифрлық даму үшін теңгерімді жағдайлар жасау.



02

**Қаржылық және төлем қызметтері саласында қауіпсіз ортаны қамтамасыз ету**

- Қаржы нарығына қатысушылар үшін жан-жақты сенім құрылымын құру;
- Ақпараттық қауіпсіздік және деректер алмасу саласындағы бірыңғай стандарттарды әзірлеу;
- Деректерге қол жеткізуді бақылау және дауларды шешу механизмдерін құру;
- Клиенттердің жеке деректерін қорғауды қамтамасыз ету үшін клиенттің цифрлық келісімдерімен алмасудың бірыңғай платформасын құру.



Жалпы алғанда, 2020-2025 жылдарға арналған қаржылық технологиялар мен инновацияларды дамыту тұжырымдамасында көзделген Open API және Open Banking дамыту жобасына сәйкес ірі және технологиялық банктер арасында қолданыстағы және пилоттық Open API жобаларының болуы, сондай-ақ ЕДБ тарапынан ұсыныстар мен бастамалардың кең тізбесі, Open API әзірлеу жобасын іске асыру және Open Banking инфрақұрылымын құру қаржылық институттар мен үшінші тараптағы қызмет жеткізушілер арасында технологиялық қауіпсіз, тең және қолжетімді деректер алмасу жүйесін құруға және дәйекті дамуға қол жеткізуге мүмкіндік береді.

03

**ҚАЗАҚСТАНДЫҚ  
ҚАРЖЫ НАРЫҒЫНДА**

**OPEN API ЖӘНЕ OPEN BANKING**

**ЕНГІЗУДІҢ**

**АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ**



# ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҚАРЖЫ НАРЫҒЫНДА OPEN API ЖӘНЕ OPEN BANKING ЕНГІЗУДІҢ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ

01



## Соңғы пайдаланушылар үшін

- Деректерді басқару мүмкіндігі;
- Ұсыныстардың кеңдігіне, сапасына, қолжетімділігіне әсер ететін қаржы нарығындағы бәсекелестіктің күшеюі;
- Қаржы нарығындағы технологиялық қатысушылардың жаңа қызметтері мен өнімдері;
- Қаржылық қызметтерді алу кезіндегі ақпараттық қауіпсіздікті арттыру;
- Дербестендірілген және деректерге негізделген ұсыныстар.

02



## Қаржы нарығына қатысушылар үшін

- Шағын және орта ұйымдар мен финтех компаниялардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру;
- Клиенттерді тарту үшін жаңа цифрлық арналарды дамыту;
- Инновациялар мен ынтымақтастықтың шығындарын азайту;
- Даму үшін тең шарттар;
- Цифрлық қызметтер мен өнімдерге халықтың сенімін арттыру

03



## Реттеуші үшін

- Қолжетімді және қауіпсіз қаржылық қызметтерді дамыту;
- Қаржылық және цифрлық сауаттылықты дамыту;
- Бәсекелестік және ашық Қаржы нарығы үшін жағдайлар жасау;
- Инновациялар мен салааралық дамуды ынталандыру

04


**ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫНДА  
OPEN API ЖӘНЕ OPEN BANKING  
ЕНГІЗУДІҢ ЖАЛПЫ  
МОДЕЛІ**



# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА OPEN API ЖӘНЕ OPEN BANKING ЕНГІЗУДІҢ ЖАЛПЫ МОДЕЛІ

УҚазақстанның қаржы секторының цифрлық трансформациясының өтпелі жағдайын, оның әлеуеті мен артықшылықтарын нарықтың ірі ойыншыларының қаржы технология инновацияларын айтарлықтай ілгерілету түріндегі және қолданыстағы цифрлық инфрақұрылымды қолдау тетіктері түріндегі дәйекті қамтамасыз етуді ескере отырып, «ҚРҰБ ҚБЕАО» РМК жеке басын куәландыратын деректермен алмасу орталығы негізінде аутентификацияны және жеке басын растауды қамтамасыз ету, үшінші тұлғалардың сұрауы бойынша мемлекеттік деректер

дбазасынан азаматтардың дербес деректерін беруге келісім беру жүйесі, құжаттарға электрондық цифрлық қол қою мүмкіндігі және басқа да құралдар, Open API және Open Banking жүйесін енгізудің жалпы моделі, орталықтандырылған авторизациялау және сертификаттау жүйелерін, сондай-ақ технологиялық деректер алмасуды және қаржы институттары мен үшінші тарап қызмет көрсетушілері арасындағы ашық, әділ өзара әрекеттесуді көздейтін бақылау және ынталандыру тәсілі ұсынылады.



Open API технологиясын оның технологиялық және оңтайландыру мүмкіндіктерімен, бизнес-модельдердің жаңа түрлерімен дамыту осы инновацияға әлеуетті қатысушыларды тарту процесін күшейтеді, олардың ішінде: қаржылық қызметтерді тұтынушылар, реттеушілер, қаржы нарығына қатысушылар және технологияларды жеткізушілер. Әрбір қатысушы Ашық банк ісі тұжырымдамасын іске асыруда да, цифрлық қаржылық технологияларды дамытудың бүкіл экожүйесінде де маңызды элемент болып табылады



№	Қатысушы	Рөлі	Қызметі
1	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі	Реттеушілер	Open API және Open Banking жобасының инфрақұрылымдық, ұйымдастырушылық және реттеуші бөліктерінде оның дамуы мен енгізілуін бақылау бойынша өкілеттіктерді іске асырады
2	Өзге де мемлекеттік органдар мен ұйымдар	Анықтау қажет	Өз құзыреті шеңберінде Open API дамыту бойынша қызметті жүзеге асырады
3	Қаржы ұйымдары	API жеткізуші*	Мәліметтер иесінің (жеке және заңды тұлғаның) келісімі болған жағдайда белгілі бір бизнес-процестер/деректер бойынша ашық бағдарламалық интерфейстерді ұсынады
4	Қызметтерін үшінші тараптағы жеткізушілер, қаржы ұйымдары және қаржы технология-компаниялары	API пайдаланушысы*	Клиент тарапынан келісім алғаннан кейін белгілі бір бизнес-үдерістер/деректер бойынша ашық бағдарламалық интерфейстерді пайдаланады
5	Уәкілетті орган айқындаған ұйым (Мысалы, "МКБ" АҚ, "ҚРҰБ ҚБЕАО" РМК)	Оператор	Open API платформасын басқаруды қамтамасыз етеді: Қатысушыларды модерациялау, Open API, call center, қолдау/құзыреттілік орталығы және басқа функциялар
6	Жеке және заңды тұлғалар	Клиент	Өздерінің дербес деректеріне, банктік және заңмен қорғалатын өзге де құпияға оларды айырбастау және көрсетілетін төлем қызметтерін үшінші тараптағы жеткізушілерге айырбастау және беру үшін қол жеткізуге рұқсат береді немесе тыйым салады

\* Қаржы ұйымдары, төлем қызметтерін жеткізушілер және үшінші тараптағы қызметтерін жеткізушілер API жеткізушісі де, API пайдаланушысы да бола алатындығын атап өтеміз.

# Open API және Open Banking дамыту мен реттеудің негізгі ережелері

## 01

Қазақстан Республикасында Open API және Open Banking қауіпсіз, тұрақты және өзара тиімді дамыту мақсатында іске асыру бойынша тиісті қағидалар мен талаптарда көрсетілген даму мен реттеудің бақылау-ынталандырушы моделі ұсынылады.

## 02

Open API пайдалана отырып, қаржы институттары клиенттерінің және төлем қызметтерін жеткізушілерінің үшінші тарап төлем қызметтерін жеткізушілерімен деректеріне қол жеткізуді және алмасуды қамтамасыз ету үдерісін реттеуші органдар мен қаржы нарығының өкілдері бірлесіп әзірлеген Open API стандарттарына сәйкес жүргізу ұсынылады.

## 03

Open API жарияланымы таңдаулы түрде, басым банктік Open API түрлеріне негізделген (анықталуы керек).

## 04

Қаржы ұйымдарының және төлем қызметтерін жеткізушілердің Open API-ге қол жеткізуі үшін төлем қызметтерін үшінші тараптағы жеткізушілер Open API платформасында API пайданушылары үшін белгіленген талаптарға сәйкес келуі тиіс.

## 05

Қатысушыларға қойылатын жиынтық талаптарды, сондай-ақ оларды аккредиттеуді, сертификаттауды уәкілетті мемлекеттік орган айқындаған Open API платформасының операторы жүргізеді.

## 06

Қаржы ұйымдары, төлем қызметтерін жеткізушілер және үшінші тарап төлем қызметтерін жеткізушілер Open API арқылы деректерді беру клиенттің сандық келісін алмасу платформасы арқылы алынған деректер иесінің келісін алғаннан кейін ғана жүзеге асырылады. Келісім алу тәсілі Open API платформасында әзірленген сервистік шешім аясында анықталады.

## 07

Қаржы институтының және төлем қызметін жеткізушінің клиенттің банктік шоты туралы ақпаратты үшінші тарап төлем қызметін жеткізушіге ашу клиенттің сәйкестендірілуі жүргізілетін цифрлық келісімдермен алмасу платформасы арқылы алынған келісін алғаннан кейін ғана жүзеге асырылады.

## 08

Қаржы, төлем ұйымдары және үшінші тарап қызмет жеткізушілері арасында клиенттердің қаржылық және жеке деректерімен алмасуда тиімділікті, қауіпсіздікті және бақылауды қамтамасыз ету үшін жеке басын тексеру сервистерінен, цифрлық келісімдерден және куәландырушы орталықтан тұратын тиісті "сенім" инфрақұрылымы бар Open API платформасын әзірлеу қажет.

Клиенттің мүддесі мен тапсырмасы бойынша дербес және қаржылық деректермен қауіпсіз өзара алмасуды қамтамасыз ету үшін Open API платформасының "сенім инфрақұрылымы" деп аталатын компоненттері әрекет етеді, оған тұлғаны верификациялау, келісімдерді басқару сервистері, сондай-ақ "ҚРҰБ ҚБЕАО" РМК тиесілі куәландырушы орталықтың сервистері жатады.

Тексеру, яғни алаяқтыққа қарсы тұрудың ең тиімді әдістерінің бірі ретінде клиенттің жеке басын және өзі туралы мәліметтерді тексеру биометриялық параметрлер бойынша жеке басын тексеру сияқты заманауи құралдар мен технологияларды қолдануды талап етеді.

Осындай мақсаттарға қол жеткізу үшін ҚРҰБ қаржылық тұрақтылықты нығайтуға және салауатты бәсекелестікті дамытуға бағытталған бірқатар жүйелік маңызы бар инфрақұрылымдық шешімдерді ұйымдастырады, оның ішінде ұлттық төлем жүйесін, цифрлық биометриялық сәйкестендірудің ұлттық платформасын, ашық бағдарламалау интерфейстері (Open API) негізінде деректермен қауіпсіз алмасуға және банктердің КҮС рәсімдерін орындауға арналған платформаны құру.

ҚРҰБ цифрлық биометриялық сәйкестендірудің ұлттық платформасының жобасы бойынша интегратор болады:

- Қаржы нарығының қатысушыларына цифрлық биометриялық сәйкестендіру құралдарына қол жетімділікті қамтамасыз ету саясатын анықтау;
- Қаржы нарығының қатысушылары үшін дербес (биометриялық) деректерге қол жеткізуге және өңдеуге арналған цифрлық келісімдерді басқару;
- Қаржы нарығы, ұлттық төлем жүйесі және өзге де міндеттер үшін сәйкестендіруді қамтиды.

Сәйкестендірудің жақсаруы нәтижесінде қаржы секторы цифрлық алаяқтық пен ұрлық тәуекелдерінің төмендеуінен, әкімшілік, сәйкестік пен транзакцияларға арналған уақыт пен операциялық шығындардың қысқаруынан пайда көреді. Күтілетін оң нәтижелерге сонымен қатар азаматтар үшін цифрлық қызметтердің қолжетімділігінің артуы және бизнес үшін клиенттік базаның ұлғаюы кіреді. Азаматтар мен бизнестің цифрлық қызметтерге сенімінің күтілетін жалпы өсімін, неғұрлым қолайлы бизнес-климатты құруды бөлек атап өткен жөн. Сонымен қатар, азаматтар мен бизнес үшін келесі күтілетін әсерлерін де атап өтуге болады:

- Қызметтердің жаңа түрлерін (соның ішінде төлем қызметтерін) толық цифрлық нысанда және қашықтан алу мүмкіндігі;
- Үшінші тұлғалардың жеке деректерге қол жеткізуін дербес басқару мүмкіндігі;
- Цифрлық форматта мемлекеттік және коммерциялық қызметтерді көрсетудің уақыты мен қадамдарын қысқарту;
- Цифрлық қызметтерді ұсыну процестерін оңтайландыру арқылы олардың құнын төмендету;
- Дербес деректердің сенімділігі мен қауіпсіздігін арттыру;
- Деректерді өңдеуге негізделген жаңа қызметтер мен бизнес модельдердің пайда болуы.

## «Сенім» инфрақұрылымы



"Сенім" инфрақұрылымы - «ҚРҰБ ҚБЕАО» РМК сервистерінің жиынтығы:

- жеке басын сәйкестендіру;
- келісімді басқару;
- куәландырушы орталық.

05

**ЦИФРЛЫҚ ҚАРЖЫ  
ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫН  
ДАМУДЫҢ  
НЫСАНАЛЫ МОДЕЛІ**



# ЦИФРЛЫҚ ҚАРЖЫ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫН ДАМУДЫҢ НЫСАНАЛЫ МОДЕЛІ

Open API және Open Banking дамытудың жалпы тұжырымдамасы және цифрлық қаржы сервистерінің экожүйесін одан әрі дамыту Қазақстанның цифрлық қаржы инфрақұрылымының нысаналы моделін көздейді, бұл ретте негізгі технологиялық инфрақұрылымдық компоненттер мыналар болып табылады:

- Ұлттық төлем жүйесі (Лездік төлем жүйесі және банкаралық төлем карточкалары жүйесі) онлайн төлем қызметтерін және банкаралық операциялар бойынша ақша аударымдарын қамтамасыз ету;
- Қаржылық және қаржылық емес қызметтерді көрсету кезінде биометриялық деректерді, цифрлық келісімді және т.б. пайдалануға арналған цифрлық платформаларға қолжетімділігі бар биометриялық сәйкестендірудің ұлттық платформасы;
- Open API платформасы ашық интерфейстер негізінде төлем қызметтерін жеткізушілердің жедел және қауіпсіз ақпараттық өзара әрекеттесуі.

ҚРҰБ-ның реттеушілік саясаты қаржы нарығына қатысушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында көрсетілген инфрақұрылымдық компоненттерді құруға және дамытуға бағытталатын болады, және бұл дегеніңіз, қаржы ұйымдарының өз бизнес-модельдерін жасауын, операцияларды онлайн өңдеу үшін сервистерді ұйымдастыруын, қызметтерді тұтынушыларды қашықтан цифрлық форматта сәйкестендіру мүмкіндігін, клиентті авторизациялау және басқа да қажетті тексерулерден өткізу, қауіпсіз деректер алмасу инфрақұрылымы, түпкілікті тұтынушының деректеріне үшінші тараптағы қызмет жеткізушілердің қолжетімділігін ашу үшін келісімін алу, қызметтерді пайдаланушылар үшін жаңа сервистерді дамыту, клиентті сәйкестендіру, оның дербес деректерді өңдеуге келісімін тіркеу, банкаралық есеп айырысуларды жүзеге асыру үшін ҚРҰБ-ның жалпы инфрақұрылымын пайдалану мүмкіндігі.

Өз кезегінде, ҚРҰБ қаржы нарығының қатысушыларына бірыңғай цифрлық инфрақұрылымды (Ұлттық төлем жүйесі, Ұлттық цифрлық биометриялық сәйкестендіру платформасы, Open API платформасы ұсынады, ол тәулік бойы онлайн режимінде қолжетімді, операциялар бойынша банкаралық есеп айырысулар және олардың аяқталуына кепілдік береді, қатысушылар арасындағы өзара іс-қимылдың негізгі тәсілдері мен қағидаттарын айқындайды және ортақ цифрлық инфрақұрылымды дамыту арқылы қаржы нарығына қатысушылардың қызметін үйлестіреді.

Осыған байланысты, қазақстандық қаржы институттарының цифрлық дамуының қол жеткізілген нәтижелерін, төлемдер, қаржылық қызметтер мен өнімдер саласындағы инновацияларға қоғамның қызығушылығы мен сұранысын, сондай-ақ қаржылық сектордың қауіпсіздігі мен технологиялық тиімділігін одан әрі нығайту қажеттілігін ескере отырып, ҚРҰБ жүзеге асыратын Open Banking және Open API, лездік төлем инфрақұрылымы, банкаралық цифрлық пайдаланушыларды сәйкестендіру қызметі сияқты негізгі инфрақұрылымдық бастамалар нарық қатысушылары, тұтынушылар және мемлекет мүдделерінің барынша теңгерімді болуын қамтамасыз етуді ескере отырып, Қазақстанның заманауи және жоғары технологиялық қаржы индустриясын құрудың перспективті қажеттіліктеріне оңтайлы жауап беретін қаржылық қызмет нарығының жаңа сапалы ахуалына қол жеткізуге бағытталатын болады.



## САНДЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ИНФРАҚҰРЫЛЫМНЫҢ МАҚСАТТЫ МОДЕЛІ

**САНДЫҚ ҚАРЖЫ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ** - бұл қызмет жеткізушілеріне түпкілікті пайдаланушылар үшін құнды ұсыныстар жасауға, тұтынушылардың құқықтарын тиісті қорғауды қамтамасыз етуге, сондай-ақ қаржылық қызметтер мен өнімдердің қолжетімділігін, сапасын және ассортиментін кеңейтуге мүмкіндік беретін негізгі инфрақұрылымдық компоненттердің жиынтығы.




Мақсатты қаржылық инфрақұрылымды дамыту мынадай нақты нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді:

- 1) елдің барлық азаматтары мен бизнес субъектілеріне банкаралық төлемдер мен аударымдарды онлайн режимде кедергісіз жүзеге асыру мүмкіндігіне кепілдік беру, оның ішінде банктік қосымшаларының көмегімен ақшаны және төлемдерді лезде аудару - банкаралық кедергіні жою және қызмет көрсететін банкке қарамастан клиенттер үшін бірыңғай төлем кеңістігін қалыптастыру;
- 2) Open API және Open Banking технологиялары негізінде клиенттің таңдауы бойынша кез келген банктің мобильді қосымшасы арқылы азаматтардың әртүрлі банктердегі өз ақшаларына қол жеткізуін қамтамасыз ету - клиенттің өз банкінің технологиялық және функционалдық мүмкіндіктеріне немесе қолжетімді қызметтердің шектеулі спектріне тәуелділігін жою;
- 3) азаматтарға қаржылық қызметтерді алу кезінде олардың дербес деректерін бақылауға қолжетімділікті қамтамасыз ету – қаржылық ұйымдардың дербес деректерге қол жеткізуіне клиенттердің келісімдерін басқару тетігін енгізу және клиенттердің дербес деректерін пайдалану кезінде бақылаусыз пайдалануды, теріс пайдалануды болдырмау;
- 4) нарық пен мемлекеттің болашақ қажеттіліктерімен өзара байланыстыра отырып, төлем индустриясына инновациялардың жаһандық деңгейде одан әрі енуін талдай және болжай отырып, клиенттердің күнделікті қаржылық транзакцияларына қызмет көрсету үшін биометриялық шешімдерді кеңінен қолдану негізінде нарықтың цифрлық трансформацияның жаңа кезеңіне тиімді өтуі үшін бүкіл қаржы индустриясының ортақ міндеттерін шешуге бағытталған тең қолжетімді және перспективалы цифрлық қаржылық инфрақұрылым құру.

006

**ҚАЗАҚСТАНДА** OPEN API,  
OPEN BANKING ЖӘНЕ  
ЦИФРЛЫҚ ҚАРЖЫ  
ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫН  
**ДАМУҒА БОЙЫНША**  
**ҰСЫНЫЛАТЫН ШАРАЛАР**  
**МЕН БАСТАМАЛАР**

Open API, Open Banking және цифрлық қаржы сервистерін дамыту мақсатында реттеушілерге, мүдделі мемлекеттік органдарға қаржы нарығының қатысушыларымен бірлесіп ұсынылады:



07

**ПАЙДАЛАНЫЛҒАН  
ТЕРМИНДЕР МЕН  
ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ**



<b>ҚРҰБ</b>	«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» РММ
<b>ҚНРДА</b>	Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі
<b>«ҚҚҚ» ЗТБ</b>	"Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы" заңды тұлғалар бірлестігі
<b>«МКБ» АҚ</b>	"Мемлекеттік кредиттік бюро" акционерлік қоғамы
<b>«Атамекен» ҚР ҰКП</b>	"Атамекен" Қазақстан Республикасының Ұлттық Кәсіпкерлер Палатасы
<b>ЕДБ</b>	Екінші деңгейдегі Банк
<b>ЕАЭО</b>	Еуразиялық экономикалық одақ
<b>БСДБ</b>	Бірыңғай сақтандыру деректер базасы
<b>БЖКТС</b>	Бағдарламалық жасақтамаға қойылатын талаптардың сипаттамасы
<b>«ҚРҰБ ТҚТДО» АҚ</b>	"Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің төлем және қаржы технологияларын дамыту орталығы" акционерлік қоғамы
<b>Деректер орталықтылығы</b>	Деректерге және оларды талдауға негізделген басқару, дамыту, тәсілдері сипаттамасы
<b>Банк құпиясы</b>	"ҚР Банктер және банк қызметі туралы" 1995 жылғы 31 тамыздағы № 2444 Заңының 50-бабы: «... банктің клиенттері мен корреспонденттері, олардың операциялары мен көрсетілетін банктік қызметтерді алуға байланысты банктермен өзара қарым-қатынастары туралы мәліметтер, оның ішінде шектеусіз: банктік шоттардың бар екендігі, олардың иелері мен нөмірлері және банктердің корреспонденттері, осы шоттардағы және банктің өз шоттарындағы ақшаның қалдығы мен қозғалысы, аударылған шоттардағы шектеулер (мемлекеттік органдардың шығыс операцияларын тоқтата тұру, тыйым салу, кепілдер туралы шешімдері және (немесе) өкімдері), клиенттер мен корреспонденттердің және банктің өз операциялары (банк операцияларын жүргізудің жалпы шарттарын қоспағанда), сондай-ақ банктің сейф жәшіктерінде, шкафтарымен үй-жайларында сақтаулы жатқан клиенттер мүлкінің болуы, иелері, сипаты мен құны туралы ақпарат, клиенттердің кредит алу (осы бапта айқындалған жағдайлардан басқа), төлемдер және (немесе) ақша аударымдары бойынша, оның ішінде банктік шотты ашпай орындалатын операцияларды жүргізу туралы ақпарат кіреді.»
<b>Сақтандыру құпиясы</b>	1999 жылғы 1 шілдедегі № 409 ҚР Азаматтық кодексінің (Ерекше бөлім) 830-бабы: «...сақтандыру сомасының, сатып алу сомасының мөлшерлері туралы және төленген сақтандыру сыйлықақылары, сақтандыру (қайта сақтандыру) шартының сақтанушының, сақтандырылған адамның немесе пайда алушының жеке басына қатысты өзге де талаптары туралы мәліметтер жатады. Таратылу процесіндегі сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы жасаған сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты туралы мәліметтер сақтандыру құпиясына жатпайды»
<b>Коммерциялық құпия</b>	2003 жылғы 2 шілдедегі № 461-II "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Заңының 41-бабы: «Эмитенттің ірі акционерлері және осы эмитенттің өздеріне тиесілі акцияларының саны туралы, эмитент және номиналды ұстауды есепке алу жүйесіндегі және (немесе) орталық депозитарийдің есепке алу жүйесіндегі жарияланған эмиссиялық бағалы қағаздарды есепке алу және сатып алынған эмиссиялық бағалы қағаздарды есепке алу бойынша эмитенттің жеке шоттарындағы эмиссиялық бағалы қағаздардың қалдықтары туралы мәліметтерді қоспағанда, орталық депозитарийдің және номиналды ұстауды есепке алу жүйесіндегі жеке шоттардағы эмиссиялық бағалы қағаздар мен басқа да қаржы құралдарының бар-жоғы, қалдықтары, қозғалысы және иелері туралы ақпарат бағалы қағаздар нарығындағы коммерциялық құпияны құрайды»
<b>Нарыққа бағытталған экожүйелер</b>	Технологиялық платформа, ол арқылы нарыққа қатысушы тарапынан қаржылық және қаржылық емес қызметтердің ауқымды тізімі көрсетіледі



<b>Банктік орталықтандырылған экожүйелер</b>	Банктің екі және одан да көп қызметтер нарығында қаржылық және қаржылық емес қызметтер көрсететін технологиялық платформасы
<b>DeFi</b>	Орталықтандырылмаған қаржы (ағылш. - Decentralised Finance)-таратылған тізілім және смарт-келісімшарттар технологиялары негізіндегі қаржылық қызметтер саласы
<b>Open Banking</b>	Инновацияларды дамыту және қаржы нарығында бәсекелестікті арттыру үшін қаржы ұйымдары мен көрсетілетін төлем қызметтерін үшінші тараптағы қызмет көрсетушілер арасында клиенттердің деректерін ашық, технологиялық алмасу тұжырымдамасы
<b>OAuth 2.0</b>	Бір қызметке (қосымшаға) басқа қызметтегі пайдаланушы ресурстарына кіру құқығын беруге мүмкіндік беретін авторизациялау хаттамасы
<b>RegTech</b>	Қаржы ұйымдарының реттеушінің талаптарын орындауын жеңілдету үшін пайдаланылатын технологиялар
<b>SupTech</b>	Қаржы нарығына қатысушылардың қызметін бақылау мен қадағалаудың тиімділігін арттыру үшін реттеушілер пайдаланатын технологиялар
<b>STET</b>	Төлемдер бастамасы процесін сипаттайтын стандарт
<b>XS2A</b>	Клиенттің шотына қол жеткізуді ұсыну процесін сипаттайтын стандарт
<b>SCA</b>	Strong Customer Authentication, клиенттердің қатаң аутентификациясы, Еуропалық Одақтың онлайн төлемдерді авторизациялау талаптарында көрсетілген аутентификация әдісі
<b>Open API платформасы</b>	Open API көмегімен технологиялық және қауіпсіз деректер алмасуға арналған бағдарламалық және аппараттық құралдардан тұратын ақпараттық жүйе
<b>Open API порталы</b>	Open API платформасының бөлігі, API жариялау, API-ге қосылу және қаржылық қызметтер көрсету кезінде жеке және заңды тұлғалармен өзара іс-қимыл жасауға арналған сыртқы портал
<b>Деректермен алмасудың интеграциялық платформасы</b>	Open API платформасының ішкі компоненттерінің келісілген өзара әрекеттесуін, сыртқы ақпараттық ресурстармен байланысын, сұраныстарды бағыттауды, логиндеуді және деректермен алмасу кезінде ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін Open API платформасының бөлігі
<b>«Сенім» инфрақұрылымы</b>	Жеке тұлғаны сәйкестендіру, жеке және қаржылық деректерді жинау мен өңдеуге тексеру және келісім алу кезінде жеке тұлғалармен өзара іс-қимылды қамтамасыз ететін Open API платформасының бір бөлігі
<b>ЭЦҚ</b>	Электрондық цифрлық қолтаңба-криптографиялық әдістердің көмегімен жасалған және электрондық құжаттың анықтығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар жиынтығы
<b>Реестр</b>	Қағаз жеткізгіште және (немесе) электрондық дерекқорды пайдалана отырып тіркелген деректер жиынтығы
<b>API жеткізушісі</b>	Әзірленген API-ді Open API платформасында жариялауды жүзеге асырушы, API жеткізушілерінің тізілімінде тіркелген заңды тұлға
<b>API пайдаланушысы</b>	Open API платформасында API-ге қосылуды жүзеге асырушы, API пайдаланушыларының тізілімінде тіркелген заңды тұлға
<b>Клиент</b>	Open API платформасының компоненттерін пайдалана отырып, қаржылық және өзге де қызметтер көрсетілетін жеке және заңды тұлғалар



<b>«ҚРҰБ ҚБЕАО» РМК</b>	"Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан банкаралық есеп айырысу орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны
<b>Қаржы технология</b>	Қаржылық қызметтер мен сервистерді ұсыну саласындағы қызметті жақсарту үшін технологияларды пайдаланатын сала. Қаржылық технологияларға Big Data, жасанды интеллект, машиналық оқыту, роботтандыру, блокчейн, биометрия, бұлтты технологиялар, токенизация және т. б. жатады
<b>Қаржы технология-компаниялары</b>	Қаржы және төлем қызметтерін көрсету үшін технологиялар мен инновацияларды банктер және қаржы қызметтері нарығындағы делдалдар атынан дәстүрлі қаржы ұйымдарымен тең дәрежеде пайдаланатын компаниялар
<b>Төлем қызметтерін көрсетуші үшінші тарап</b>	Клиенттің банктік шотына қызмет көрсетпейтін және клиентке өзінің қашықтан қол жеткізу жүйелері арқылы электрондық банктік қызметтер көрсететін төлем қызметтерін беруші
<b>Робоздвайзинг</b>	Адам кеңесшісінің араласуын қажет етпейтін математикалық алгоритмдерге негізделген инвестициялық кеңес беру процесі
<b>Дербес деректер</b>	Айқындалған немесе олардың негізінде айқындалатын дербес деректер субъектісіне қатысты, электрондық, қағаз және (немесе) өзге де материалдық жеткізгіште тіркелген мәліметтер
<b>FAPI</b>	OpenID Foundation жұмыс тобы OAuth 2.0 және OpenID Connect (OIDC) хаттамалары негізінде әзірлеген Financial - grade API-жоғары API қауіпсіздігін талап ететін қаржы индустриясы және басқа салалар үшін қосымша техникалық талаптарды анықтайтын бағдарламалық интерфейс
<b>BaaS</b>	Банк қызметі (Banking-as-a-Service, BaaS)-қаржы технология-компаниялар немесе басқа банктік емес ұйымдар дәстүрлі банктермен ынтымақтасатын және банктердің инфрақұрылымы арқылы өз интерфейсінде банктік қызметтерді ұсыну үшін API арқылы интеграцияланатын модель
<b>BaaSP</b>	Банк ісі платформа ретінде (Banking-as - a-platform, BaaSP) – банк финтехтердің қызметтерін біріктіретін және оларды өз клиенттеріне ұсынатын модель. Іс жүзінде бұл модель BaaS моделінің кері нұсқасы болып табылады.
<b>SaaS</b>	Қызмет ретіндегі мүмкіндіктер (Capabilities-as-a-Service, SaaS) - банктердің басқа компанияларға "сервис" форматында меншікті цифрлық қаржылық емес сервистерді (мысалы, клиенттерді сәйкестендіру, тексеру немесе скоринг) ұсыну моделі
<b>E-KYC</b>	Know Your Client ("KYC") немесе өз клиентіңді біл – клиенттерді, серіктестерді, банк қызметкерлерін, мониторинг субъектісін тиісті тексеру. eKYC-дәстүрлі KYC тексерудің сандық және автоматтандырылған түрі. Клиенттерді қашықтан тексеруді тезірек және дәл жүргізуге мүмкіндік беретін қағазсыз сандық жүйе